

Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттау өткізу қағидаларына 1-қосымша

**Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «Гүлдер» жекеменшік балабақшасы
Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын
іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін
бағалауға арналған өлшемшарттар**

№ I/II	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Баллдары
Жалпы сипаттағы өлшемшарттар			
1	Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" заңдарының талаптарына сәйкестігі	құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына толық сәйкес келеді	5
		құжаттар талаптарға сәйкес, алайда техникалық сипаттағы болмашы сәйкессіздіктер бар	
		құжаттарда жекелеген сәйкессіздіктер бар (мәліметтер, қосымшалар, деректемелер бойынша)	
		рұқсат беру құжаттары немесе құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмейді	
2	Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі	біліктілік талаптарына сәйкес келеді; тағайындау белгіленген тәртіппен рәсімделген	
		біліктілік талаптарына сәйкес келеді; болмашы рәсімдік сәйкессіздіктер бар	4
		жекелеген біліктілік талаптары сақталмаған	
		біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі немесе білім беру бағдарламаларын іске	

		асыруды басқаруда елеулі бұзушылықтардың болуы	
3	Мектепке дейінгі ұйым түрінің "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.	толық сәйкес келеді	
		құжаттарда немесе атауында болмашы сәйкессіздіктер бар	4
		ішінара сәйкес келеді, жекелеген талаптар сақталмаған	
		сәйкес келмейді	
4	Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің: "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген), "Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), "Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық	басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді	
		басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына сәйкес келеді, болмашы техникалық қателіктер бар	4
		басқару құрылымы мен басқару органдарының қызметі заңнама талаптарына ішінара сәйкес, елеулі сәйкессіздіктер анықталған	
		басқару құрылымы мен басқару органдары құрылмаған не олардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес келмейді	

	актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі		
Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар			
5	Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100%	
		90-99%	
		80-89%	
		80%-дан төмен	2
6	Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі	100%	
		90-99%	
		80-89%	
		80%-дан төмен	2
7	Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі	100%	5
		90-99%	
		80-89%	
		80%-дан төмен	
Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар			
8	"Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы	талаптар толық сақталған	5
		жекелеген техникалық ауытқуларға жол берілген, олар талаптардың сақталуына әсер етпейді	
		жас топтарын қалыптастыруда жекелеген талаптар сақталмаған	
		жас топтарын қалыптастыру талаптары сақталмаған немесе өрескел бұзушылықтар анықталған	
9	Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы	талаптар сақталған	5
		шекті толымдылықтың сақталуына әсер етпейтін жекелеген ауытқулар	
		жүйелі сипатқа ие емес және белгіленген нормативтердің асып кетуіне әкелмейтін жекелеген ауытқулар	
		белгіленген толымдылықтың асып кетуі	

		немесе талаптардың жүйелі түрде сақталмауы	
10	Ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы	талаптар толық сақталған	
		жекелеген рәсімдік сәйкессіздіктер (ресімдеу, мерзімдер)	4
		балалардың құқықтарына әсер етпейтін жекелеген талаптардың толық сақталмауы	
		ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды топтарға жинақтау талаптарының сақталмауы	
Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар			
11	Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҰОЖ), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҰОБ) талаптарына сәйкестігі	жоспарлау құжаттарының толық жиынтығының (жұмыс оқу жоспары, перспективалық жоспар, циклограммалар, жеке даму карталары) болуы; жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы сәйкессіздіктердің болмауы	5
		құжаттардың толық жиынтығының болуы; жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы сәйкессіздіктер тек 1–2 көрсеткіш бойынша ғана ауытқулар байқалады	
		жоспарлау құжаттарының 1-інің болмауы немесе жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы 3–5 көрсеткіш бойынша сәйкессіздіктердің болуы	
		жоспарлау құжаттарының 2 және одан да көбінің болмауы немесе жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы 5-тен астам көрсеткіш бойынша сәйкессіздіктердің болуы	
12	Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі	күн тәртібінің сақталуы қамтамасыз етілген; балалар қызметінің барлық түрлері толық жүзеге асырылады	5
		міндетті қызмет түрлері сақталған, алайда болмашы ауытқулар орын алуы мүмкін	
		МЖМБС-тың міндетті талаптарына әсер	

		етпейтін жекелеген бұзушылықтар	
		міндетті қызмет түрлері қамтамасыз етілмеген немесе күн тәртібі МЖМБС талаптарына сәйкес келмейді	
13	Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әлауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы	толық сәйкес келеді	
		МЖМБС-ты іске асыруға әсер етпейтін болмашы сәйкессіздіктер	
		МЖМБС-ты іске асыруға кедергі келтірмейтін ішінара кемшіліктер	3
		дамытушы орта баланың дамуын қамтамасыз етпейді, негізгі аймақтар қамтылмаған, қауіпсіздік талаптары орындалмаған	
14	ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы	толық қамтамасыз етілген	
		жекелеген рәсімдік сәйкессіздіктер	
		міндетті талаптарға әсер етпейтін қамтамасыз етудің ішінара жеткіліксіздігі	3
		ЕББҚ бар балаларға арналған бағдарламалар мен қолдау қарастырылмаған немесе олар үшін тиісті жағдайлар қамтамасыз етілмеген	
15	ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы	МЖМБС толық кезеңдері сақталған	5
		болмашы ауытқулар бар	
		мониторингтің міндеттілігіне әсер етпейтін ішінара іске асыру	
		мониторинг жүргізілмейді немесе МЖМБС талаптарына сәйкес келмейді	
16	Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі	мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 90%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады	
		мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 80-89%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады	4
		мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің	

		кемінде 70-79%-ы дамудың барлық бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі қамтамасыз етіледі, алынған нәтижелер жеке даму жоспарын жоспарлауда қолданылады	
		70%-дан төмен немесе деректердің болмауы	
17	Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы	меңгеру мерзімі сақталған	5
		меңгеру мерзімін бұзбайтын жекелеген ауытқулар	
		ұйымдастырушылық сипаттағы жекелеген ауытқулар	
		мазмұнды меңгеру мерзімі сақталмаған (МЖМБС талаптарының бұзылуы)	
18	Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту	ата-аналарды тарту ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүзеге асырылады; жұмыс түрлерінің әртүрлі нысандары жүргізіледі; ата-аналардың қатысуы және өзара іс-қимыл нәтижелері құжаттамада көрсетілген	5
		ата-аналарды тарту жүзеге асырылады; жұмыс нысандары іске асырылады; ресімдеу немесе тіркеу талаптарының бұзылуы анықталған	
		ата-аналарды тартудың жекелеген нысандары жүргізіледі; жүйелілік жоқ немесе ата-аналардың қатысуы расталмайды	
		ата-аналарды тарту бойынша жұмыс ұйымдастырылмаған	
Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар			
19	Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру	кемінде 90% -ы сәйкес келеді	
		80–89% сәйкес келеді	4
		70–79% сәйкес келеді	
		жарақтандыру нормаларына сәйкес келмеуі: көрсеткіштердің 70%-дан төмен болуы немесе міндетті элементтердің болмауы	

	нормалары)		
20	"Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы	ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді, хабардар ету жүйесі бар, дабыл түймесі бар, домофон жүйесі бар, қауіпсіздік шаралары толық көлемде жүзеге асырылады	5
		бейнебақылау жүйесі және негізгі қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілген, болмашы сәйкессіздіктер бар (ішінара қамту, жекелеген элементтердің толық жұмыс істемеуі)	
		бейнебақылау жүйесі немесе жекелеген қауіпсіздік шаралары ішінара іске асырылған (қамтудың шектеулі болуы, міндетті элементтердің болмауы)	
		бейнебақылау жүйесі жоқ немесе қауіпсіздік жағдайлары қамтамасыз етілмеген	
Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар			
21	ҮОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы	болуы және сәйкестігі	
		болмашы сәйкессіздіктер	4
		ішінара сәйкессіздіктер	
		міндетті талаптардың болмауы немесе оларға сәйкес келмеуі	
22	Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы	болуы және сәйкестігі	
		болмашы сәйкессіздіктер	4
		ішінара сәйкессіздіктер	
		МЖМБС талаптарына сәйкес келмеуі немесе олардың болмауы	
23	Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы	ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын	

		пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді	
		ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді, бірақ білім беру процесіне әсер етпейтін жекелеген сәйкессіздіктер бар (жекелеген кабинеттердің толық жабдықталмауы, интернеттің тұрақсыздығы, ақпараттық білім ресурстарын эпизодтық пайдалану)	4
		ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік немесе ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнаманың жекелеген міндетті талаптарына сәйкес келмейді, бұл білім беру процесін шектейді	
		ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі, интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келмейді	
24	Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы	ресми интернет-ресурс жұмыс істейді, домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпарат өзекті және заңнама талаптарына сәйкес келеді	5
		интернет-ресурс жұмыс істейді және домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпараттың өзектілігі немесе толықтығы бойынша жекелеген сәйкессіздіктер бар	
		интернет-ресурс бар, бірақ домендік атауы edu.kz аймағына сәйкес келмейді немесе ақпарат толық көлемде орналастырылмаған	
		ресми интернет-ресурс жоқ	
	Қорытынды: Жалпы ұпай		101